

**6D050400 – Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тілепберген
Ақмөлдір Мақсатқызының «XIX ғасырдың екінші жартысындағы
батысеуропалық публицистер шығармашылығындағы қазақ
тақырыбы» атты диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Тілепберген Ақмөлдір Мақсатқызының диссертациялық зерттеуі батысеуропалық публицистикадағы қазақ тақырыбының көрініс табуын ғылыми тұрғыдан талдауға арналған. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі даусыз, себебі ол бұған дейін толыққанды зерттеле қоймаған тарихи-мәдени мәселелерді, жаппай басылымдардағы жанрлық әртүрлілікті және олардың даму жолдарын айқындайды. Мұндай құбылыстарды тереңірек түсіну қазіргі журналистика теориясы мен практикасының маңызды аспектілерін шешуде үлкен маңызға ие. Диссертация авторы дұрыс атап өткендей, бұл саладағы ғылыми ізденістердің нәтижелері журналистикамен қатар тарих, филология сияқты бірнеше ғылым салалары үшін де құнды.

Зерттеу жұмысы теориялық және практикалық жағынан толыққанды әрі аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертация авторы зерттеуінің мақсатын нақты айқындап, XIX ғасырдың екінші жартысындағы шетел баспасөзіндегі қазақ тақырыбына арналған публицистикалық жазбаларды талдауды мақсат етеді. Осы мақсатқа сәйкес, зерттеуші нақты әрі негізделген ғылыми міндеттерді белгілеген. Аталған міндеттердің шешілуі қойылған мәселені жан-жақты қарастыруға және 6D050400 – Журналистика білім беру бағдарламасының талаптарына сай келетін ғылыми жаңалыққа, теориялық әрі практикалық маңызға ие нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы — қолда бар ғылыми еңбектерді жинақтап, XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс және батысеуропалық дереккөздерде қазақ тақырыбының берілу ерекшеліктеріне қатысты тұжырымдарды елеулі түрде толықтыруында. Ал практикалық маңыздылығы — бұл зерттеу нәтижелерін болашақта қазақ халқы туралы жарияланған тарихи-публицистикалық материалдарға ғылыми түсініктеме беру барысында, сондай-ақ қазақ журналистикасының тарихы мен теориясын оқытатын арнайы курстар құрастыруда пайдалануға болады. Диссертацияның барлық бөлімдерінде көтерілген мәселелер бойынша кең ауқымды дерек көздеріне сүйене отырып талдау жасалған, сонымен қатар ізденушінің өзіндік ғылыми ұстанымы нақты тұжырымдалған. Автор өз зерттеуінде отандық және шетелдік журналистер, тарихшылар мен публицистердің соңғы жылдардағы еңбектерін сыни тұрғыда саралаған, ғылыми жаңашыл ұстанымдарды ескере отырып, жеке ғылыми пікірін қалыптастырған. Тілепберген Ақмөлдір Мақсатқызы алға қойған барлық


ғылыми міндеттерді табысты орындап шыққан, ал қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары нақты әрі мазмұнды, жүргізілген зерттеу нәтижелерін толық көрсетеді.

Автордың сегіз жыл бойы жинаған мол дерекқоры мен фактілік материалдарға жасаған терең талдауы алынған нәтижелердің ғылыми дәйектілігін қамтамасыз еткен. Зерттеуде үлкен тарихи кезенді қамтыған көлемді әрі күрделі ғылыми жұмыс атқарылған, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер кең көлемде қамтылған.

Рецензияланып отырған зерттеудің жаңашылдығы мәселенің қойылуынан, материал мен әдістерді таңдаудан, және автордың алған ғылыми нәтижелерінен көрінеді.

Тілепберген Ақмөлдір Мақсатқызының «XIX ғасырдың екінші жартысындағы батысеуропалық публицистер шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты диссертациялық жұмысы барлық талаптарға толық сай келеді деп есептеймін. Ізденуші 6D050400 – Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын алдын ала қорғауға ұсынуға әбден лайық.

Ғылыми жетекші
филология ғылымдарының кандидаты



Әлжанова А.Б

Қолын растаймын
Подпись заверлю

